«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
50 жыл тұрақты даму жолында
50 лет АО «Мангистаумунайгаз». Постоянство в развитии.
«Mangistaumunaigas» JSC 50 years anniversary. Sustainable development.

# Мұнайлы өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№04 (56), сәуір-мамыр, 2014 жыл




## Ұлы Жеңіс күні



## ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН БІЗДІҢ МАҚТАНЫШТАРЫМЫЗ!



1. Ығылманов Намазбай (05.05.1925 жылы туылған) Он сегіз жасынан Кеңестер Одағы Армиясы қатарына алынып, ары қарай майданға аттанған. 1942 жылы Гурьевтен Орынборға барып, сол жақта соғыс қимылдарына жаттығады. 1942 жылы Украина майданына кіріп, №37 зениттік-артеллериялық полкта болады. Белоруссияға, одан Польша, соңынан Германияға жеткенше соғысып, Бернь қаласына дейін жетеді. Үлкен шығын, қатты ұрыста көптеген неміс басқыншыларын қолға түсіруге қатынасады. Бес жыл соғысқан еңбегін елі де елеусіз қалдырмай жоғары наградаларға ұсынды. Оның ішінде «Красная звезда» ордені, «За отвагу» медалы, «За боевые заслуги», «За освобождение Варшавы», «За взятие Берлина», «За победу» медальдары және Жоғарғы Бас қолбасшыдан алған бірнеше мақтау қағаздары бар. Мұнай саласында жиырма бес жыл (1960-1989 жж.) еңбек еткен Ұлы Отан соғысы, әрі еңбек ардагері Намазбай ақсақал қазір құрметті еңбек демалысында.



2. Қалыбаев Шарқатбай (10.01.1928 жылы туылған) Соғыс ардагері Қалыбаев Шарқатбай ағамыз 1950-1954 жылдары арасында Кореяда соғыста болды. Бұл жөнінде ешкімге ештеңе айтпау жөнінде қатаң тапсырма берілген. Сол кездегі соғыстың тәртібі беріге дейін созылып, тіпті атамызды Соғыс ардагері атағына қоспай біраз жыл әуре сарсаңға салып келді. Ақыры құжаттары дұрысталып, анықталынып атамыздың нағыз ел қорғаушысы, соғыс ардагері екендігі дәлелденді. Әрине, соғыс зардабының ізі аз болмағаны, бейнеті де оның өмірін біраз шарпығаны белгілі. Көп жылдар өндіріс саласында түрлі жұмыстар атқарып, қазіргі кезде демалыста, ортамыздың үлкен ақсақалы, ақылманы. Жанұясында 11 жан бар. Барына шүкір еткен тату – тәтті, ел мақтайтын, сыйлайтын үлкен жанұяның басы.



3. Нечаев Виктор Васильевич (01.05.1926 жылы туылған) 1943-1945 жылдары Беларуссияны, Шығыс Пруссияны, Кенигсберг қалаларын жаудан азат етуге қатысты. 18 жасар командир - Виктор бастаған Белорус майданының 54-гвардиялық дивизияның 192-полкіне қарасты пулеметшілер бөлімшесі 1944 жылдың карашасында Гумбинен қаласын 45 минутта ешбір кедергісіз алады. 1-дәрежелі Отан соғысы ордендері, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған Ұлы Отан соғысының ардагері мұнай саласында 40 жыл (1950-1990 жж.) еңбек етіп, құрметті еңбек демалысына шықты.



4. Скороход Николай Григорьевич (15.01.1935 жылы туылған) 1956 жылғы Венгриядағы контрреволюциялық көтерілісті басуға қатысты. Мұнай саласында 1987-1995 жылдары жұмыс жасады.



5. Үмбеталина Қамқа (05.09.1923 жылы туылған) 1942 жылы майданға аттанған 19 жасар қыз ұшқыштар курсын оқып, 1-ші Шығыс майданындағы 9-шы әуе армиясында «бомбалаушы» болады. Жапондарға әуеден қырғидай тиіп, оның солтүстік-шығысын жаулап алған Қамқа апай, үш жарым жылдай толарсақтан қан кешіп, сержант шенінде елге аман-есен 1945 жылы оралады. Төртінші Украина, Маньщжурия мен Қиыр Шығыстағы сұрапыл шайқастарға қатысып, жеңіспен оралған ол екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысының ордені, «1942-1945 жылдардағы Германия мен Жанпонияны жеңгені үшін», «Ерен еңбегі үшін» төс белгілерінің иегері. 1945-1990 жылдары мұнай саласында еңбек еткен Қамқа Үмбеталина қазақ мұнайын игеруге атсалысып, Маңғыстау және Атыраудағы мұнай кенорындарын барлады. Ондағы қара алтынның құрамын анықтап, 45 жыл еңбек еткен соң құрметті еңбек демалысына шықты.



6. Өзденбаев Өтеген (05.05.1921 жылы туылған) 1942-1945 жылдары Белоруссияны, Украина, Батыс Украинаны, Польшаны жаудан азат етуге атсалысты. Курск доғасындағы шайқасқа қатысып, 1945 жылы Қиыр Шығыстағы жапондармен соғысқа аттанған кезде Амурдағы Комсомольск қаласына келе бергенде жапондар жеңілгендіктерін мойындап, соғыс бітеді. Өтеген Өзденбаев бірінші және екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы, Қызыл Ту ордендерінің иегері. Мұнай саласында 1962-1977 жылдары еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты.



7. Қыдырбаев Қайыр (20.03.1922 жылы туылған) 1941-1945 жылдары сұрапыл соғыстың басынан аяғына дейін қатысты. Ұрыстар кезінде үш рет жараланып, екі рет қысқа мерзімді контузия алса да, жауды толық жеңіп, елге жеңіспен оралған. Майданда маршал Рокоссовскийдің дивизиясына қарасты 82-ші батальонның құрамында Белоруссияны жаудан азат етуге қатысты, Германияға дейін жауды тықсыра қуып, Берлин қаласына дейін барған. Белосток қаласын, Гнев және Старогорад, Гданьск қамал-қаласын, Германияның Штральзунд, Гриммен, Деммин, Мальхин, Варен, Везенберг қалаларын, Варшава қаласының солтүстігіндегі Нарев өзенінің батыс жағалауын жаудан азат еткені үшін бірнеше мәрте марапаттауларға ие болды. 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Беларусь Республикасын неміс басқыншыларынан азат етудің 60-жылдығы» медальдарымен марапатталған. 1969-1988 жылдар аралығында мұнай саласында 17 жыл қызмет етіп, құрметті еңбек демалысына шықты

# «Единая социально-трудовая политика АО «НК «КазМунайГаз» - конструктивный путь предупреждения трудовых споров»

**4 апреля в Актау состоялось заседание «круглого стола»: «Единая социально-трудовая политика АО «НК «КазМунайГаз» - конструктивный путь предупреждения трудовых споров» с участием председателя Правления АО «НК «КазМунайГаз» Мынбаева С. М., руководства дочерних компаний и лидеров профессиональных союзов предприятий КМГ. Также во встрече приняли участие представители министерств нефти и газа, труда и социальной защиты населения РК, акиматаМангистауской области, Федерации профсоюзов РК, Центра социального партнерства при АО ФНБ «Самрук-Казына», Отраслевого профсоюза работников нефтегазовой отрасли. Цель мероприятия - разъяснение Стратегии развития «КазМунайГаза», социальной и кадровой политики в КМГ для укрепления взаимодействия и регулирования социально - трудовых отношений между КМГ и профсоюзами дочерних и зависимых организаций.**

**Уважаемые читатели предлагаем Вам ознакомиться с докладом Председателя Правления АО НК «КазМунайГаз» С. М. Мынбаева на заседании «круглого стола»: «Единая социально-трудовая политика АО «НК «КазМунайГаз» - конструктивный путь предупреждения трудовых споров»**





Сіздерге, бүгінгі дөңгелек үстелде бас қосқанымызға тағыда қошемет білдіремін! Бірлескен жұмысымыздың табысты болуына тілектеспін.

Алдымен ҚазМұнайГаздың **2013 жылғы қызметінің негізгі қорытындылары туралы** қысқаша айтып өтуге рұқсат етіңіздер. Өткен жылы Компания барлық бизнес-бағыттар бойынша негізгі өндірістік көрсеткіштер бойынша оң нәтижелерге қол жеткізді.

**Мұнай және газ конденсатын өндіру** көлемі 2012 жылмен салыстырғанда 6%-ға - 22,63 млн. тоннаға дейін өсті.

2013 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жүйесі бойынша **мұнай тасымалдау** көлемі 2012 жылдың деңгейінен асып түсіп, 67,2 млн. тоннаны құрады.

**Газ өндіру** 12%-ға - 2,93 млрд. текше метрге дейін өсті.

**Газ тасымалдау** көлемі есепті кезеңде 110,135 млрд. текше метрге дейін ұлғайды (2012 ж. - *109,19 млрд.*).

Нәтижесінде, ҚазМұнайГаздың **таза кірісі** 2013 жылдың қорытындылары бойынша 456,8 млрд. теңге болып, 24%-ға өсті.

Осының бәрі - әкімшіліктің, қызметкерлердің және кәсіподақтардың бірлескен жұмысының нәтижесі. Сіздерге адал еңбектеріңіз үшін алғысымды білдіремін!

Как вы знаете, в нашей Компании по всем бизнес-направлениям работает 90 тыс. человек. Это большой разнородный коллектив. Для стабильной работы такого большого коллектива все вопросы, касающиеся социально-трудовых отношений, должны решаться на системной основе.

Первый шаг в этом направлении – это разработка **Единой системы оплаты труда** по группе компаний КМГ.

И это не только вопрос уровня оплаты труда. Уровень оплаты труда - это понятно, что будет и должен решаться с учетом финансовых возможностей компании. В рамках рассмотрения ЕСОТ и увеличения заработной платы согласно поручению Президента РК на 10% в ДЗО увеличен фонд оплаты труда на 46,2 млрд. тенге (в том числе ЕСОТ - 27 млрд. тенге, 10% - 19,2 млрд. тенге). Но не менее серьезный вопрос – это разная оплата труда за одинаковый труд. Неравномерная оплата за одинаковый труд является одной из главных проблем и претензий работников, что ведет к социальному недовольству.

Я уже не раз сталкивался с обращениями работников, когда они требовали повышения заработной платы, сравнивая себя с другими аналогичными предприятиями. Имели место случаи, когда более сложная работа оплачивалась не на должном уровне, что порождало недовольство.

Отсутствие единых стандартов и подходов при определении уровня заработной платы побудило нас взяться за разработку Единой системы оплаты труда.

Основой ЕСОТ являются **Справочник рабочих профессий** и **Справочник служащих** для бизнес-направлений «Разведка, добыча нефти и газа» и «Сервисный сектор». Эти справочники распределяют каждую профессию и должность в зависимости от сложности и значимости труда в производственном процессе.

В рамках ЕСОТ все вопросы оплаты труда стандартизированы. Любые изменения в компаниях КазМунайГаза, касающиеся введения новых профессий, должностей, будут решаться только через внесение изменений и дополнений через Справочники.

Мониторинг и контроль, а также введение в систему оплаты труда новых профессий, должностей, тарифных ставок, должностных окладов будет обеспечиваться централизованно блоком управления человеческими ресурсами и оплаты труда АО НК «КазМунайГаз» через электронную базу ЕСОТ, интегрированную со всеми ДЗО.

В настоящее время ЕСОТ внедряется в двадцать одной компании по бизнес-направлениям «Разведка, добыча нефти и газа» и «Сервисный сектор». Изменения коснутся работников общей численностью 40 тысяч человек.

*Справочно: ЕСОТ ранее была внедрена в АО «Мангистаумунайгаз» и ТОО «Oil Construction Company».*

До конца 2014 года планируем разработать и внедрить систему также по другим бизнес направлениям – в транспортировке и переработке.

Стандартизация коснется не только оплаты труда.

Часто поводом для недовольства работников служат **различия в содержании и уровнях социальной поддержки работников**.

Например, есть много нареканий по вопросу медицинского обслуживания. Программы страхований компаний включают различное количество медицинских услуг, не всегда учитывающие потребности самих работников.

В этой связи, как вы знаете, разработан **проект Типовых правил социальной поддержки работников.**

В Типовых правилах определен гарантированный социальный пакет, который включает в себя материальную помощь, социальные пособия и компенсации, социальные гарантии.

В целом, это позволит обеспечить единым социальным пакетом на гарантированном уровне всех работников компаний группы КМГ.Более подробную информацию вы можете найти в раздаточных материалах.

Очень важным вопросом является создание достойных и благоприятных условий труда для работников.

В этом направлении в группе компаний КМГ проводится планомерная и целенаправленная работа - создаются безопасные условия труда, реализуются программы улучшения вахтовых поселков.

Для удобства и полноценного отдыха работников в вахтовых поселках создаются условия для занятия спортом и культурного отдыха.

Строятся современные административно-бытовые здания, хозяйственно-бытовые комплексы, модульные операторные, медпункты, рабочие столовые, обновляются спецтехника и оборудование.

Проводится обучение работников безопасным методам труда, реализуются мероприятия по нормализации санитарно-гигиенических условий труда, внедряются стандарты, разные виды сертификации.

В этом направлении также нам предстоит рассмотрение вопросов о разработке и внедрении стандартных программ, повсеместное распространение новых технологий, обеспечивающих улучшение условий труда, безопасность работ.

Понятно, что решение проблемных вопросов не должно сопровождаться трудовыми спорами и конфликтами. Нужна система предупреждения трудовых споров.

На мой взгляд, социального недовольства можно избежать, обеспечивая своевременное обсуждение вопросов между руководством, работниками и профсоюзами.

Как показывает практика, зачастую вопросы, поднимаемые работниками, не доходят или не доводятся до руководства компаний. То есть не достаточно эффективно работает система обратной связи.

В этих целях нами разработан проект единой системы внутренних коммуникаций в предприятиях КазМунайГаза.

Проект предусматривает обязательные **плановые и внеплановые встречи руководства с трудовыми коллективами** по обсуждению социальных, бытовых, производственных вопросов. По всей группе практика отчетных встреч с коллективами начата в текущем году и теперь будет проводиться на постоянной основе.

Работники должны иметь возможность поднять перед руководителями вопросы, касающиеся социально-трудовых отношений, и получить на них четкие ответы.

Наряду с этим, предлагается ряд инструментов по обеспечению обмена информацией: блоги первых руководителей, корпоративные сайты, телефоны доверия, информационные стенды и другие.

Используя указанные инструменты, работники имеют возможность доводить до сведения руководства проблемные аспекты, а также вносить инициативы по повышению эффективности работы компании, улучшению технологических процессов, рационализаторские предложения.

В целом, система обратной связи будет обеспечивать постоянное взаимное информирование работников и руководства.

**Обучение наших работников** было и остается основным приоритетом политики компании. Качество нашего персонала должно стать нашим конкурентным преимуществом. В этой связи, мы будем продолжать активную работу по повышению квалификации работников Казмунайгаза, предлагая различные возможности.

Они включают краткосрочные курсы повышения квалификации, курсы переподготовки, обучение по программам магистратуры. В их числе будет применяться практика по подтверждению квалификации через получение общепризнанных международных сертификатов. Такие подходы широко распространены в ведущих нефтегазовых компаниях мира.

В целом, ежегодно по группе компаний КМГ на обучение работников выделяются более 3-х млрд. тенге.

Это положительный фактор. Вместе с тем, мы не знаем **какова эффективность вложенных средств и как обучение отражается на производительности труда работников**.

В этой связи, программа обучения каждого работника (от рабочего и до руководителя)будет формироваться на основе**индивидуальных планов развития**.

Индивидуальный план развития каждого работника - это конкретная программа обучения и планирования карьеры каждого работника в зависимости от потребностей компании.

Говоря простыми словами, индивидуальный план развития будет ясно показывать текущий уровень компетенции работника, необходимый дополнительный багаж знаний и навыков для сегодняшней позиции и для новых запланированных позиций (по вертикали - повышение квалификационного разряда либо должности, перемещение по горизонтали на другие профессии либо должности).

Своевременная подготовка и обучение станет основой для карьерного роста работников компании.

Нам необходимо обеспечить **приоритетность карьерного роста для наших работников**, а не набирать руководящих работников со стороны. С одной стороны, это серьезная мотивационная составляющая для производительного труда работника, с другой, это решениевопросов преемственности.

В этой связи, планируется **сформировать единый кадровый резерв среди группы компаний КазМунайГаза**. При подборе кандидатов на занятие вакантной руководящей должности, работники, состоящие в Кадровом резерве будут рассматриваться в первую очередь.

Необходимо уже сегодня начать формировать **пул будущих руководителей – кадровый резерв топ менеджеров.** Для этого, будут отбираться кандидаты из числа руководящих работников компаний на уровне директоров департаментов, начальников крупных производственных подразделений, их заместителей. Индивидуальный план развития будущих топ-менеджеров будет включать ротацию – перемещение внутри группы компаний.

Несомненно, будет продолжена и получит поддержку замечательная традиция, как **династийность профессии**. Череда поколений в одной профессии не случайна, поскольку добросовестный, самоотверженный труд отцов служит лучшим примером для молодежи.

Честь семьи, своей фамилии, наверное, самый лучший стимул для самореализации. А это, в свою очередь, дает все предпосылки для трудолюбия, бережного отношения к рабочему месту, имуществу компании.

Примером такого отношения к труду служат семьи Ундашевых, Салиевых, Китуевых, Досмуханбетовых, Болекбаевых, Уалиевых и многих других представителей династий профессий нефтегазовой отрасли.

Преемственность поколений – это добрая традиция. Мы ее будем поддерживать и развивать.

В ближайшее время мы совместно с холдингом «Касипкор» запустим подготовительные курсы для дальнейшей учебы детей работников в Межрегиональном центре подготовки и переподготовки кадров для нефтегазовой отрасли в г. Атырау.

Мы прекрасно понимаем **роль и значение профсоюзов** в построении и обеспечении социально-трудовых отношений на предприятиях.

Являясь представителями работников, вы всегда стоите на защите их интересов. При этом Вами очень многое делается для поддержания социальной стабильности, укрепления производственной дисциплины.

В то же время по группе компаний, полагал бы возможным внедрение единых стандартов работы профсоюзных организаций. И в этом направлении основным организатором мог бы выступить недавно созданный **Отраслевой профессиональный союз нефтегазового сектора**.

Кроме того, в целях обеспечения непрерывного диалога между профсоюзами и группой компаний, обсуждения вопросов социального партнерства, при КазМунайГазе создана специальная площадка – **Совет по развитию социального партнерства и урегулированию трудовых споров и конфликтов**.

**Құрметті әріптестер!**

**Құрметті кәсіподақ ұйымдарының басшылары!**

Бірыңғай әлеуметтік және кадрлық саясатты енгізу және іске асыру - жүйелі жұмыссыз және әлеуметтік әріптестіктің барлық тараптарының қатысуынсыз мүмкін емес.

Сіздердің қолдауларыңызға сенемін. Кәсіпорындар әкімшіліктері мен ұйымдар кәсіподақтары арасындағы сындарлы да, жемісті ынтымақтастық бізге ҚазМұнайГаз компаниялар тобындағы әлеуметтік-еңбек қатынастарына қатысты барлық туындайтын мәселелерді бірлесіп және өзара тиімді шешуге мүмкіндік береді.

www.kmg.kz

# ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЛАМҚАС АЙМАҚТЫҢ ДАМУЫНА ҚАРҚЫН БЕРДІ

*(«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының өткені мен бүгіні жайлы баян)*

***«...Бізге дәстүрлі өндіруші секторлар тиімділігін арттыру маңызды. Бұлар - біздің бәсекедегі табиғи артықшылықтарымыз. Бізге мұнай-секторының экспорттық әлеуетін сақтай отырып, басқару, өндіру және көмірсутектерді өңдеудің жаңа тәжірибелері керек. Мұнай мен газ өндірудің ықтимал сценарийлері бойынша түбегейлі шешімге келу керек... ».***

**(ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауынан).**

## БИЫЛҒЫ БИІК МЕЖЕ

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы 2013 жылы **6 млн. 076 мың 840** тонна «қара алтын» өндіріп, жоспарын **101** пайызға асыра орындады. Сөйтіп, өзінің құрылғанының **50** жылдық мерейтойына толымды тартумен келіп, биылғы Әз – Наурыз мейрамымен бірге тойлаған болатын. Оның **4 миллион 217 мың 620** тоннасы қаламқастықтардың, ал **1 миллион 859 мың 220** тоннасы жетібайлықтардың еңбек үлесіне тиеді. Мұндай зор табысқа қол жеткізу үшін компанияның мұнайшылары өткен жылы **260** геологиялық-техникалық шаралардың орнына ескі қорды тиімді ететін **328** шараны жүзеге асырды. Кен қабаттарына **53688 мың** текше метр су айдады, **143** жаңа ұңғы бұрғыланып, пайдалануға берілсе, оның **124-і** мұнай өндіретін, қалғаны су алатын ұңғылар. Компанияның **4611** мұнай ұңғымасы бар.

Компанияның торқалы тойы алдында кезінде еңбектің ерен үлгісін көрсеткен ардагер мұнайшылар марапатталып, Ақтау қаласында орнатылған Маңғыстау халқын елдікке жетелеген жалынды көсемдері



*4 мұнай өндіру цехы бастығының орынбасары Жандос Хамиев, оператор Қобылан Апақаев және технолог Мақсат Серікбаев.*

Тобанияз Әлниязұлының, Жалау Мыңбайұлының ескерткіштеріне, «Мәңгілік алауға» компанияның басқармасы мен ардагерлері атынан гүл шоқтары қойылып, тағзым етілді. Н.Жантөрин атындағы облыстық музыкалық драма театрында салтанатты жиында Маңғыстау облысының әкімі **Алик Серікұлы Айдарбаев,** компанияның Бас директоры **Сунь Синъюнь** мұнайшы қауымды құттықтап, Бас директордың бірінші орынбасары **Бақыт Алтайұлы Иманбаев** «Ерлікке толы елу жыл» тақырыбына тартымды баяндама жасаған. Салтанат үстінде Жетібай кенорнын ашушылардың бірі, «Ленин» орденді мұнайшы **Жолдас Тоқжановтың** 80 жасқа толуы АҚ Басқармасы атынан құттықталып, шапан жабылды.

Биыл, яғни, **2014** жылы «Маңғыстаумұнайгаз» ұжымы былтырғы межесінен де асырып **6 миллион 151 мың** тонна «қара алтын» өндіруді жоспарлап отыр. Биік межеден көріну үшін мұнайшылар ұйымшылдықпен еңбек етуде. Өндірілген шикізат түгелімен экспортқа шығарылады. Бұл орайда негізгі жүк **«Қаламқасмұнайгаз»** өндірістік басқармасы мұнайшыларының иығына түсері өз-өзінен белгілі. Өйткені қоры жөнінен Қаламқас еліміздегі ірі кенорындарының сапына жатады.

Бүгінгі әңгімеміз компанияның мұнайының **73** пайызын өндіріп отырған **«Қаламқасмұнайгаз»** өндірістік басқармасы жайлы болмақ.

## «ҚАЛАМҚАСМҰНАЙГАЗ»

**Түрі:** ***Өндірістік басқарма.***

**Құрылған жылы:** ***1979 жылы 02 наурызда «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасы болып құрылды.***

**Тұрағы:** ***Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Бозашы жарты аралының солтүстігінде.***

**Басшылары:** ***Нұрпейіс Сәрсенбай*** *(Қазақстан),* ***Цзун Шоуго*** *(Қытай).*

**Саласы:** ***Мұнай мен газ өндіру.***

***Бүгінгі таңда кенорнында пайдаланылуда:***

1. ***Мұнай өндіру цехы -4.***
2. ***Топтық қондырғы -73.***
3. ***Өлшеу қондырғысы -21***
4. ***УППГ***
5. ***ГКС***
6. ***БКНС -12***
7. ***ЦКППН***
8. ***УПСВ***
9. ***АУП***
10. ***ЦИТС***
11. ***Қызылқұм су кенорны***

*«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы ұжымы 2014жылдың бірінші тоқсанында* ***1 миллион 039 мың 112*** *тонна «қара алтын» өндірсе, оның* ***1155*** *тоннасы жоспардан тыс өндірлген. Мемлекетке* ***1 миллион 036 мың 651*** *тонна мұнай жоғары сортпен тапсырылды. Қаламқастықтар еңбек көрігін қыздыра түсуде.*

## КЕНОРНЫ ҚАБАТТАРЫНА ҮҢІЛСЕК...

**Қаламқас мұнай және газ кеноны** Ақтау қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 280 шақырым, Бозашы жарты аралының солтүстігінде, Каспий теңізінің жағалауына сұғына орналасқан. Солтүстік Бозашы мұнай бассейніне жатады. Кен орнының құрылымы геология ғылымына 1974 жылы белгілі болды. Іздестіру-бұрғылау жұмыстары 1976 жылы басталып, сол жылы кен орны ашылды. 1979 жылдан бері игеріліп келеді.

Қаламқаста мұнай кені ортаңғы юра қабатында, брахиантиклиналдық қатпарда орналасқан. Кеніштің ұзындығы – 26 километр, ені – 7 километр. Қаламқас кен орнының ерекшелігі – көпқабатты: ол газды, мұнай-газды және



*Қыздыру пешін тексеру*

мұнайлы қабаттардан тұрады. Кеннің мұнай сыйыстырушы қимасы триас, юра және бордың терригендік шөгінділерінен құралған, бұлардың ең қалың тұсы – 2395 метр.

Апт шөгінділерінде – 2 газды қабат, неокомда – 6, ортаңғы юра шөгінділерінің қабатында – 2 газды-мұнайлы, 5 мұнайлы қабат анықталған. Өнімді қабаттар 505-936 метр тереңдікте жатыр. Бұл жерден шығатын мұнай көмірсутегілердің жұғымдылығы жоғары, сапалы түріне жатады. Мұнайға қаныққандық коэффициенті – 0,66-0,72, газға қаныққандығы – 0,32-0,69. Мұнайдың тығыздығы – 0,902-0,914 г/текшесантиметр. Қаламқас мұнайы күкіртті, парафинді, шайырлылығы жоғары. Сондай-ақ оның құрамында ванадий мен никельдің өнеркәсіптік шоғырлары да бар. Аз мөлшерде азот пен көмірқышқыл газы кездеседі. Юраның үш қабатындағы газдар жеңіл, ондағы ауыр көмірсутектердің мөлшері 5,9-9,9%-ға дейін өзгереді. Кен орнынан өндірілетін табиғи газ өте құрғақ, құрамындағы метан – 99,8 %. Төменгі бор



*№1 мұнай өндіру цехының жұмысшылары: Смайлов Қуанбек – техник-геолог, Шадиярова Ағырыс – оператор, Есбергенов Еркебұлан – геолог, Махутов Асқар – аға механик.*

иірімдерінің еркін газдары құрамы жағынан метаннан тұрады, аздаған ауыр көмірсутектер бар, азот мүлдем кездеспейді, көмірқышқыл газының мөлшері 0,31%-дан аспайды.

## ҚОРЫ ЖӨНІНЕН ЕҢ ІРІ КЕНОРНЫНЫҢ БІРІ

2009 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша, кен орнындағы мұнайдың бастапқы баланстық қоры – 638 миллион 723 мың тонна. Игерілетін қоры – 207 миллион 393 мың тонна. 2014 жылдың 1 қаңтарына дейін игерілетін қордың 135 миллион 946 062 тоннасы алынды. Қалдық қор – 71 миллион 446 мың 94 тонна. Ал табиғи газдың баланстық қоры – 15 миллион 382 мың текшеметр. Қалдық қоры қазірдің өзінде мол – 11 миллион 220 мың 495 текшеметр. Қаламқас кен орны өзінің қоры жөнінен Маңғыстау аймағы бойынша Өзен кен орнынан кейінгі екінші орында.

1979 жылы «КазНИПИнефть» институтының қызметкерлері Қаламқас кен орнын игерудің технологиялық жобасын жасап шықты. Кен орнының мұнай және газ қоры есептеліп, КСРО Мемлекеттік қор комитетінде бекітілді.

Бозашы түбегінде бірінен кейін бірі мұнай кендері ашылғасын, КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі Қаламқас пен Қаражанбас кен орындарын жеделдетіп игеру, кеніштерді тездетіп пайдалануға беру міндетін күн тәртібіне қойды. Бұл іске КСРО Геология министрлігі, Мұнай өнеркәсібі министрлігі, Мұнай-газ құрылысы министрлігі, Энергетика министрлігі – барлық министрліктер мен ведомстволардың мамандары түгел қатысты.

## КЕНОРНЫН ЖАРАҚТАНДЫРУ БҮКІЛОДАҚТЫҚ СИПАТ АЛДЫ

Өндіріске қажетті автокөлік жолдары мен мұнайшылар тұратын жатақханалар құрылысын салуға, қазылған ұңғыларды жарақтандыруға, әртүрлі нысандарды құруға, өндірілген мұнайды тасымалға дайындау жұмыстарын жүргізуге тек «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігі ғана емес, бүкіл одақтас республикалардың түкпір-түкпірінен келген мұнара құрастырушылар, энергетиктер, автотранспортшылар, геофизиктер, байланысшылар, құрылысшылар – барлық сала мамандары Қаламқас кен орнын игеру ісіне жұмылдырылды.

1979 жылы осы ұжымдардың жұмыстарын бақылап, басқарып отыру мақсатында Маңғышлақ облыстық партия комитетінің жанынан Бозашы жөніндегі арнайы штаб құрылды. Ол штабқа Владимир Георгиевич Савченко, Юрий Георгиевич Казаченко, Нәсіпқали Әбуғалиұлы Марабаевтар басшылық етті.

1979 жылы 2 наурызда «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінің жанынан «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасы құрылды да, №1 мұнай және газ өндіру кәсіпшілігі жұмыс істей бастады. Оның алғашқы бастығы Ханым Нұрғалиұлы Құсаев болды. Кейін бұл ұжымды Сайын Дүйсебаев, Есен Оржанов, Лигай, т.б. басқарды.

Сол жылы кен орнында мұнай дайындайтын және жинақтайтын орталық пункт пайдалануға берілді. Оның бастығы болып Ізтұр Таласбаев тағайындалды. «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының №№1, 2, 3 топтық қондырғылары, ең алғашқы типтік жобадағы №9 топтық қондырғы, №1, 2 өлшеу қондырғылары іске қосылды.



*Алданиязов Сәкен – жөндеуші және Сейілхан Талғат – шебер*

Мұнай-газ өндіру басқармасы құрылғанға дейін әртүрлі саладағы мекемелердің, жобалау институттарының қызметтерін үйлестіріп, жұмысты қаржыландыру, құрал-жабдықтарды жеткізумен айналысып, тапсырыстарды рәсімдеп, ұйымдастырып отыру үшін Қаламқас кен орнын жарақтандыру бөлімі құрылды. Оның құрамында В.Ф.Будников, Д.К.Исаков, А.Э.Инсаров, В.М.Кнутов, А.Тышқанбаев, К.Меңдалиева, М.Иманғалиева, А.Нұрмұханов, М.Әзбенов, А.Үбиев, Б.Асанғалиев, К.Баданов, т.б. жұмыс істеді.

Бұлардың ішінде әсіресе мұнайшыларға дұрыс жұмыс жасау үшін қолайлы тұрмыстық жағдай туғызып, тұрғын жайларын салумен айналысқан құрылысшылардың еңбегі ерекше болды. Бұл жұмыс А.Б.Курляндский басшылық ететін №2 жылжымалы механикаландырылған колоннаның (ПМК №2) жұмысшылары мен Морочкин, А.П.Вихляевтер басқарған трестің «Маңғышлақмұнайгазқұрылыс» мекемесінің СУ-8 құрылыс басқармасының ұжымына жүктелді.

(жалғасы 4-5 беттерде)

(Соңы. Басы 3 бетте)

# ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЛАМҚАС АЙМАҚТЫҢ ДАМУЫНА ҚАРҚЫН БЕРДІ

Айналасын жағалай сор қоршаған, елсіз-сусыз Қаламқас жерінің табиғаты да қатал, жұмыс істеуге қолайсыз, өте қиын өңір еді. Ол уақытта бұл жерде бастапқы құрылыс базасы да жоқ, ұдайы маман кадрлар да жетіспей жататын. Құрылыс материалдарын 300 шақырым жердегі облыс орталығынан жолсыз жерлермен үлкен қиыншылықпен тасымалдауға тура келетін. Соған қарамастан, осындай қолайсыз жағдайларға төтеп бере жүріп, ПМК №2 мен СУ-8 мекемелерінің құрылысшылары Қаламқас кен орнында алғашқы құрастырмалы үйлер, асханалар, клубтар, әкімшілік ғимараттарын, спорт алаңдарын салып, өндірісті алғашқы жарақтандыру жұмыстарын жасады. Соның


мұнай қазандары

арқасында уақытша вагон-үйшіктерде тұрып жатқан мұнайшылар жайлы да жарық, кең жатақханаларға көшірілді. «Маңғышлақмұнайгазқұрылыс» мекемесінің СУ-8 құрылыс басқармасы санаулы апталардың ішінде резервуар паркін, типтік жобадағы №9 топтық қондырғыны, оларға апаратын кен ішілік автожолдардың құрылысын салып шықты. Жоғары сапамен салынған бұл құрылыстарды жүргізуде басқарманың бөлімше бастығы В.Н.Бережной, прорабтары В.А.Бахарев, К.Фоменколар барлық күш-жігерлерін сарп етті.

Қаламқас кен орнын жарақтандыруда сол кездегі Маңғышлақ технологиялық транспорт басқармасының (МУТТ) бір ғана автоколоннасының базасында құрылған Бозашы технологиялық көлік басқармасына көп салмақ түсті. Соған қарамастан, бұл ұжым күні-түні өндіріс жабдықтарын тасымалдау мен кен орнын көлікпен қамтамасыз ету жұмыстарын абыроймен атқарды. Бұл шаруаларға БУТТ-ның бірінші бастықтары Ш.Шәдиев, Б.Бисеновтер басшылық етті.

## ЖҰМЫСТАР ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

1979 жылдың наурыз айында **Қаламқас-Қаражанбас-Шевченко-Ақтау порты мұнай құбыры** салынып бітті. Бұл мұнай магистралі құрылысының жобасын жасаған – Украинадағы «Югогипронефтепровод» институты еді. Осы институттың сызбасы бойынша кен орнында қызмет ететін жұмысшыларға арналған вахталық поселкелер салынып, өндіріске қажетті қыздыру пештері құрастырылды. Жалпы, «Югогипронефтепровод» институты Маңғыстау мұнайының игерілуіне зор үлесін қосты. Бұған дейін Өзен-Шевченко, Өзен-Құлсары-Куйбышев мұнай құбырының жобасын жасаған да – осы киевтіктер болатын.

Осы жылы облыс орталығынан Қаламқас кен орнына дейін созылып жатқан, жалпы ұзындығы 277 шақырымдық электр тарату желісі іске қосылды.

Сол жылдың мамыр айында Қаламқас кен орнында бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін Маңғышлақ мұнарашылар кеңсесінен бұрғышы Ковальдың ұжымы, маусым айында Жетібай бұрғылау жұмыстары басқармасынан (ЖУБР) бұрғылау шебері В.Ф.Скляровтың бригадалары келіп, сол жылдың шілде айында бұрғылау жұмыстарын бастап кетті. Артынан Қаламқастың алғашқы өндірістік мұнайы алынған атақты №66 ұңғыны 1979 жылдың наурыз айында К.Бесқалиевтің бригадасы бұрғылап бастады. Мұнарашылар ұжымының Р.Г.Зиганшин, А.Ахмадов, М.Х.Мелибаев басқарған бригадалары Қаламқас жерінде бұрғылау қондырғыларын қондыру мен қайта жинауда, көшіп-қону уақытын қысқартуда сәт сайын нормативтерді жаңарта отырып, айтарлықтай рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізді.

Ұңғы қазу жұмыстарын қадағалау, кен орнын игеру ісіне өндірістік технологиялық схемаларды енгізу жұмыстарымен құрамында А.Е.Березин, М.Әмірханова, Н.И.Бердина, Л.Г.Моисеенко, О.В.Кондаковой, Ұ.С.Көшкімбаев, Р.Аубекиров, А.Я.Дымченко сияқты білікті мамандары бар Геологиялық қызмет басқармасы айналысты.

## ТҰҢҒЫШ ӨНДІРІСТІК МҰНАЙДЫ ӨНДІРУ

1979 жылы 23 тамыз күні 18 сағат 47 минутта №66 ұңғыдан **Қаламқас кен орнының тұңғыш өндірістік мұнайы алынды.** Бұл айтулы оқиғаға атсалысып, алғаш болып ұңғының бұрандасын ашқандар – мұнай өндіру шебері **Көшербай Әлібаев,** операторлар **Орынбасар Шадияров, Маруся Өтегенова, Әбдіғазы Мұстопиндер** еді.

Сол жылдың қыркүйек айынан бастап Қаламқас кен орнында тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру жұмыстары басталды. «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының алғашқы еңбек күнінен-ақ алда көптеген қиыншылықтар күтіп тұрды. Бұрын теңіздің табаны болған сортаң жердің табиғаты мұнайшылардың жұмысына көптеген кедергілер келтірді. Ең алғашқы орнатылған ұңғы бір түннің ішінде ми батпаққа сіңіп, жоқ болып кеткен жағдай да кездесті. Оны алып трактормен тартып алмақ болған кезде трактордың астындағы жердің өзі ойылып, ұңғы тракторымен қоса жерге жұтылып кетті. Мұнайшылар тракторшыға арқан тастап, зорға дегенде кабинадан суырып алып, құтқарып қалды.


Қойшыбаев Дүйсен – АСАҚ бастығының орынбасары және ауысым инженері Қалиев Парасат жұмыс процесін қадағалауда.

Кен орнының облыс орталығынан шалғайлығына, өндіріс жабдықтары мен материалдардың қажетті мөлшерде жетіспеушілігіне, азық-түлікпен, ең азы ауыз сумен қамтамасыз етудегі қиыншылықтарға қарамастан, жаңадан құрылған жас басқарманың алдына алғашқы 6 айдың өзінде-ақ өндіріс ошағының әр шетінде қазылған 15 ұңғыдан 67 000 тонна мұнай өндіру міндеті қойылды. Бірінші жылғы мұнай өндіру жоспарын орындау оңайға соқпады. Алғашқы кезде барлық жұмыстар ауыр қиыншылықтармен жүрді. Жобаланған топтық қондырғы әлі жоқ кезде мұнайшылар өз күштерімен уақытша топтық қондырғылар салды. Құрылысшылардың келуін күтпей-ақ, мұнай жинайтын коллекторларды, олардан шығатын желілерді өз қолдарымен жасады. Осындай үлкен қажыр-қайрат пен күш-жігердің арқасында мұнайшылар барлық кездескен кедергілер мен қиындықтарды жеңе біліп, межеленген биіктен көрінді. Жоспарды абыроймен асыра орындап, жыл аяғына дейін 73 000 тонна «қара алтын» өндірді.

1979 жылдың желтоқсан айында Қаламқас кен орнында **алғаш рет рельсті БУ-75 ЭМШ бұрғылау қондырғысы** қолданылды. Бұл қондырғы көші-қон жұмыстарына кететін уақытты қысқартып, ұңғы қазу жұмысының жылдамдығын арттыруға септігін тигізді. Соның арқасында 1980 жылдың өзінде-ақ кен орнындағы қолданыстағы ұңғылар қорында 87 мұнай өндіру және 3 қабатқа су айдау ұңғылары болды.

Осы жылы мұнай өндірісінің технологиялық процестерін химияландыру жұмыстарымен айналысатын **«Мангышлак-нефтепромхим» басқармасы** құрылды. Бұл мекеме Қаламқас және Қаражанбас кен орындарында қабаттың мұнай қайтарымын арттыру үшін ПАВ қоспаларын дайындап, өндіріске тәжірибе ретінде енгізіп отырды.

## АЛҒАШҚЫ БІР МИЛЛИОН ТОННА МҰНАЙ

1980 жылы 2 қараша күні сағат 12.00-де Қаламқас кенорнынан **алғашқы миллионыншы тонна мұнай өндірілді**. Құрметті вахтаға тағы да К.Әлібаевтың бригадасы тұрды. Маңғыстауға Одақтың Мұнай және газ министрі Н.А.Мальцевтің өзі келіп, арнайы іссапармен Бозашыдағы Қаламқас, Қаражанбас кен орындарында болды.

КСРО мұнай және газ өнеркәсібі саласындағы мұнай-газ өндіретін кәсіпорындардың арасында өткізілген Бүкілодақтық социалистік жарыста IV тоқсанның қорытындысы бойынша «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы үздік шығып, 1-орынға ие болды.

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНЕН ҚОРҒАЙТЫН БӨГЕТ САЛЫНДЫ

Кенорны теңіздің бұрынғы табанында, бүгінгі жағалауында орналасқандықтан, теңіз суы басып кету қаупін тудырды. Тасыған су кейде кен орнына апаратын автожолды және кеніштің ішіндегі жолдарды шайып кететін. Кен орнындағы жаңадан салынған бұрғылау, мұнай өндіру және құрылыс нысандары талай рет су астында қалып қойды. Сондай-ақ теңіздің мұнай қалдықтарымен ластануы да қоршаған ортаға залалын тигізетін. Әртүрлі ағын сулар арқылы мұнай өнімдерінің қалдықтары теңізге құйылса, ондағы балықтар мен жан-жануарлардың, құстардың өміріне қатер төндіретін.

Сол себепті 1980 жылы кен орнын теңіз суы шайып кетуден қорғап тұратын **арнайы бөгет құрылысын** салу жөнінде шешім қабылданды. Бөгеттің жобасын С.Я.Жук атындағы «Гипропроект» институтының Қазақ филиалы жасады. Дамбы құрылысының негізгі жұмыстарын Евгений Викторович Винц басқаратын «Казнефтедорстрой» тресінің №3 УМС-2 бөлімшесі жүргізді. Осы мекеменің озат механизаторлары – скрепербші Иван Малюков, бульдозерші Павел Ляпичев, грейдер төсеуші Альберт Розенбах, т.б. қарапайым мамандар ерекше еңбегімен көзге түсті. Бөгетті салу кезінде Маңғышлақ автотранспорт басқармасының (МУТТ) көлік жүргізушілері бір жарым миллион текшеметрдей тас пен құм, топырақ тасыды. Құрылысты салу кезінде қиыншылықтар мен кедергілер көп болды. 1980 жылдың сәуір-мамыр айларында жолды тасқын су шайып кетті. Дамбы құрылысын салушылар


Газ өндіру, дайындау және тасымалдау цехының операторы Жаңбырбай Сариев, ауысым инженері Бекболат Ахметов және оператор Алшынбек Медиев.

қолайсыз жағдайға тап келді. Өйткені, осыған дейін еткен еңбектің бәрі желге ұшып, зая кетуі мүмкін еді.

Судың биіктігі 1 метр 70 сантиметрге дейін көтеріліп, әлі жобаланған жерге дейін толық төселіп бітпеген бөгетті бұзып кету қаупі туды. Сол кезеңдерде табиғаттың дүлей күші мұнайшыларды бір қиын сынақтан өткізгендей болды. Әйтеуір тасқынның артынан қатты дауыл жел тұрып, оларды құтқарып қалды. Теңіз суы дамбының кейбір дұрыс бекітілмеген жерлері болмаса, негізінен бөгет құрылысына анау айтқандай айтарлықтай зиян келтірген жоқ. Құрылысты салу кезінде осындай табиғи кедергілер көп кездесті. Мұнайшылар осындай қиындықтармен арпалыса жүріп, 1980 жылдың күзінде дамбыны толық төсеп шықты. Ал 1981 жылдың тамыз айында ұзындығы 32 километрлік, ені 8, биіктігі 5 метрлік дамбы құрылысы толық аяқталып, пайдалануға берілді. Сөйтіп, Қаламқас кен орны Каспий теңізінің «тентек шабуылынан» біржолата құтылды, ал теңіз мұнай қалдықтарымен ластанудан қорғайтын сенімді қорғанышқа ие болды. Қазір мұнайшылар арасында «Бұл дамбы – топырақ емес, алтын» деген қанатты сөз бар. 1995 жылдың қараша айында Каспий теңізінен соққан дауылды толқындар Қаламқас кен орнын қорғау үшін салынған бөгет құрылысын едәуір зақымдап, бұзып кеткен болатын. 1996-97 жылдары сол бүлінген жерлерді қалпына келтіріп, жаңалау жұмыстары жүргізілді. Бұл бөгетті ұстап тұру үшін жыл сайын кәсіпорын қазынасынан 42-45 миллион теңге бөлінеді.

1981 жылы қыркүйек айында «КазНИПИнефть» институтының сәулетшілері «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасы әкімшілік корпусының техникалық жобасын жасап, аяқтады. Кен орнында полимерлік ерітіндіні қолдану арқылы мұнай өндіру әдісі енгізілді. Алғашқы блокты-топтастырылған сораптық станса – БКНС-1 пайдалануға берілді. Ауа айдау ұңғыларында өнімді қабаттың ішін ылғалды жылумен қыздыру тәжірибесі іске қосылды. Қызылқұм кен орнындағы Қиякты жерінде ауыз су көзі ашылып, су шығарыла бастады. Қаламқас кен орнында алғашқы ұңғы механикаландырылған тәсілге көшірілді.

## «Central Asia Petroleum LTD» ҚАРАМАҒЫНДА

Қазақ елі Тәуелсіздік алған жылдары болған өтпелі кезең қиыншылықтарын «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасының ұжымы қиындыққа шыдап, ерен еңбекпен жеңе білді. 1997 жылы «Central Asia Petroleum LTD» компаниясы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ын сатып алғаннан кейін жағдай өзгерді. Жаңа инвесторлардың келуімен бірге Қаламқас кен орнының инфрақұрылымы да қарқынды түрде жаңарып, дами бастады. Өндірісті игерудің жаңа бағыттары мен оны басқарудың жаңа әдістемелері енгізілді. Өндірістік жұмыстардың технологиялық барысы әбден жетілдіріліп, заманауи талаптарға сай жаңа құрылыс нысандары салынды.

1999 жылы Қаламқас кен орнын жарақтандыру жұмыстары толығымен аяқталды. Өндіріс алаңдарындағы нысандардың электр энергиясымен қамтылуы жоғары дәрежеге жетіп, кен орнының энергетикалық жағдайы тұрақталды. Қабат қысымын ұстау жүйесі ретке келтірілді. Соның арқасында Қаламқас кен орны аса зор құрылымға ие болды.

2003 жылы Шыныпластикалық құбырлар зауыты іске қосылғаннан кейін кен орнындағы тозығы жеткен темір құбырларды заманауи жаңа **шыныпластикалық құбырға ауыстыру жұмыстары** жоспарлы түрде жүргізілді. «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасында ұзындығы **2 890 976** метр құбырлар болса, 2003 жылдан 2014 жылдың 01 қаңтарына дейін соның **1427346** метрі шыныпластикалық құбырға ауыстырылып, жаңаланды. Алда тозығы жетіп тұрған **844** км выкид линияларын ауыстыру мәселесі тұр.

2003 жылдан кен орнындағы мұнай өндіру қарқынын арттыру үшін қабаттағы мұнай көздерін үлкен қысыммен жару әдісі Ресейлік «Специальное машиностроение и металлургия» ААҚ арқылы жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Алдыңғы кездерді айтпағанда, 2013 жылы жоспарланған 12 ұңғының орнына **32** ұңғыға осы әдіс қолданылып, белгіленген 10080 тонна орнына **22325** тонна қосымша мұнай өндірілді. (әр ұңғыдан 6366 т.). Бұрандалы сорап қондырғылары алғаш рет Қаламқас кен орнында қолданылды. Бұл қондырғы ұзаққа шыдас береді, көп жөндеуді қажет етпейді және оның жұмысына материалдық, энергетикалық шығындар да аз жұмсалады. Қазір Қаламқаста 419 бұрандалы сорап жұмыс істейді, бұл жұмыс істеп тұрған қордың 20,6 пайызын құрайды. Өткен 2013 жылы бұрандалы сораптың жөндеуаралық мерзімі 247,1 күнді құрады.

2005 жылы 6 маусымда Қаламқас кен орны игеріліп басталғалы бері **100 000 000 (жүз миллионыншы) тонна мұнай өндірілді.**

Уақыт талабына сай жер қабатына су айдау мөлшерін арттыру қажеттілігі туындады. Осы мақсатта 2000 жылдан бастап қабат қысымын ұстап тұру (ҚҚҰ-ППД) бағытында қайта құру жұмыстары қолға алынды. Блокты-топтастырылған сораптық стансаларды (БТСС-БКНС) қазіргі жағдай талаптарына сәйкес электротехникалық қондырғылармен жабдықтап, қайта жөндеу жұмыстары ауқымды түрде жүргізілді. 15-20 жылдан бері қолданылып келген ескі ғимараттар заман талабына сай іргелі ғимараттармен


Кешенді мұнай айдау және өткізу цехының операторлары Рысбай Өтепбергенов және Маруса Өтегенова.

жаңартылды. Соның нәтижесінде бұл ғимараттардың құрамындағы агрегаттар мөлшері 12-ден 18-ге дейін арттырылды. Сораптық қондырғыларды жаңартылған іргетастарға қондыру арқылы қабатқа су айдау барысында кездесетін көптеген кедергілерден құтылуға – қондырғылардың селкілдеуін тоқтатып, сораптар жұмысының тұрақтылығы мен сенімділігін арттыруға қол жеткізілді. Осындай жүйелі түрде жүргізілген қайта құру жұмыстарының арқасында жер асты қабаттарына су айдау мөлшерін арттыру мәселесі түбегейлі шешілді. Мұның өзі қабаттың энергетикалық жағдайын сақтап, мұнай өнімін арттыруға мүмкіндік берді.

Қаламқас кен орнында қабатқа айдалатын техникалық судың үш түрі қолданылады: әртүрлі ағын сулар, кен орнының альб горизонттарынан өндірілетін альб сулары және Каспий теңізінен алынатын теңіз суы. 2004-2009 жылдар аралығында қабатқа айдалатын су мөлшері тәулігіне 7585 текшеметрден 103 000 текшеметрге жетті.

## АСАҚ (УПСВ) ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

2007 жылдың қыркүйек айында өндіріске №1 және №2 мұнай-газ өндіру кәсіпшіліктерінен өндірілетін өнімнің құрамындағы қабаттық суды мұнайдан айыру мақсатында жаңадан **Алдын-ала су айыру қондырғысы (АСАҚ)** іске қосылды. Суды алдын-ала мұнай ұңғымасына айдайтын бұл қондырғының тәуліктік өнімділігі 60 000 текшеметрлік қосалқы стансасы бар. Қондырғының жалпы құны 5 миллиард теңге тұрады. Қондырғы мұнай құрамындағы су мөлшерін 95 пайызға дейін айырып, тазалап, бөлінген суды жер астына – қабат қысымын ұстау жүйесіне жіберіп тұрады. Барлық жұмыс барысы толықтай дерлік автоматтандырылған жүйеде жүргізіледі. Бұл қондырғының іске қосылуы мұнайды кешенді дайындау және өңдеу цехының (МКДӨЦ) технологиялық жабдықтарына түсіп келген жұмыс салмағын айтарлықтай азайтып, мұнайды тасымалға дайындау жұмыстарының сапасын арттыруға септігін тигізді.

2009 жылы әрқайсысының өндірістік қуаты тәулігіне 1 миллион текшеметрлік, екі тең бөліктен тұратын **Табиғи газ дайындау қондырғысының** құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Кен орнында өндірілген газды тек кәсіпорынның өзі ғана емес, «Қаражанбасмұнай», «Жалғызтөбемұнай», Солтүстік Бозашы, «Қазтрансойл» компаниялары да сатып алып, өндірістік қажеттіліктеріне жаратып келеді.

## ҚАЗАҚ – ҚЫТАЙ БІРЛЕСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ ЕМЕС

2009 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 50 пайыз акцияларын Қытайдың «CNPC» компаниясы сатып алғаннан кейін «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасының тең құқықты басшылары қызметін қазақ жағымен бірге **Юи Хунцзян** (басқарма бастығы), **Чжан Сюе Вэнь** (бас геологы), **Ву Цзянь Гуан** (басқарма бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары) атқарды.

«Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасының қазіргі басшылары: қазақ жағынан – **Нұрпейіс Мизамбайұлы Сәрсенбай**, қытай тарапынан – **Цзун Шоуго.**

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «CNPC» компаниясы иелік еткелі бері төрт жыл уақыт ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның стратегиялық даму жоспарына сәйкес Қаламқас кен орнында көптеген жұмыстар тындырылды. Ілеспе газды жинау және айдау жүйесі қайта құрылып, мұнайды кешенді дайындау қондырғысын жаңадан салу жобасы жасалды. Жаңадан ауыз су дайындау, сумен қамтамасыз ету стансасын салу жұмыстары қолға алынды. Технологиялық сұйықтарды жинау жүйесін жаңадан құру жұмыстары іске асырылды.

2009 жылы «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасының өндірісіне жаңа үлгідегі озық технологиялар – кен орнын игерудегі геологиялық-техникалық шараларды зерделеп, жоспарлауға арналған **«ДельтаОйл»** және **«Триас» бағдарламалары енгізілді.** Осы бағдарламаларды жүргізу мақсатында «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасының жанынан арнайы аналитикалық талдау тобы құрылды. Ұңғылардың фильтрациялық ағысын қайта реттеуге жаңа әдістемелер енгізіліп, олардың бәрі елеулі оң нәтиже берді. Ұңғы қабаттарын сұйықпен жару жұмыстары жалғастырылды. Ұңғыларға химиялық әсер ету


Жүргізуші Ерғали Ізбасаров

(ВУС, СПС, т.б.) жұмыстарының көлемін көбейту шаралары қолға алынды.

Ұңғы өнімін арттырудағы негізді шешімдердің және мұнай игерудегі енгізілген жаңа әдістемелердің арқасында кен орнында мұнай өндіруде тұрақты жағдай қалыптасты. Қазіргі таңда «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасының тәуліктік мұнай өнімі – 11 550 тонна. Ал осыдан ширек ғасырдай уақыт бұрын, Қаламқас тарихындағы өркендеудің шарықтау шегіне жеткен кезеңінде кен орнында тәулігіне 15 000 тонна мұнай өндірілген болатын.

Қазіргі таңда Қаламқас кенорнының ұңғылар қорында

**2934** ұңғы бар. Оның ішінде:

мұнай өндіретіні – 2069;

су өндіретіні – 670;

газ өндіретіні – 35;

су айдайтыны – 81, т.б.

508-і – «CUDU», «NETCH», «GRIFFIN» шетелдік фирмалары шығарған бұрандалы сораппен жұмыс жасайтын ұңғылар. Бұрандалы сорапты ұңғылардың өзі барлық ұңғылар қорының 26 пайызын құрайды. 2013 жылы «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасы 4 миллион 217 мың 620 тонна мұнай өндірді.

## МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ШЕШІЛГЕН

Қазіргі таңда Қаламқас кен орнындағы мұнайшылардың еңбек жағдайлары осыдан 15-20 жыл бұрынғымен салыстырғанда көш ілгері. Кен орнында сервистік қызмет көрсетумен айналысатын ЖШС-тердің қызметкерлерін қосқанда, бір мезгілде 3000-ден астам адам еңбек етеді. Жұмысшылардың вахталық қалашықтағы тұрмыс жағдайлары анағұрлым жақсарған. Олар барлық жағдайлары қарастырылған 50-ден астам жатақханада тарады. Бұған қоса Қаражанбас және Қиякты кен орындарында да 2 жатақхана бар. Вахталық кентте жұмысшыларға арналған кітапхана, спутниктік теледидар, пошта, ұялы телефон байланысы, киім жуу орны, дене шынықтыру орындары, спорттық жаттығу залы, басқа да тұрмыстық қызмет көрсету орындары бар.


Спорт кешенінің сыртқы көрінісі

Кен орнының жұмысшылары негізінен «Қазтрансойл» АҚ-ның құбыр желісі арқылы тасымалданатын Волга өзенінің суын пайдаланады. Су әбден тазартылып, сүзгіден өткізіліп, ГОСТ стандартына келтіріліп, ауыз суға айналады. Бұған қоса Қаламқас кен орнынан 120 шақырым қашықтықтағы Қызылқұм жерінде де ауыз су шығарылып, тасымалданып жеткізіледі.

Қаламқас кен орнында бір мезгілде 700 адам тамақтана алатын 5 асхана, Қаражанбас пен Қиякты кен орындарында әрқайсысы 20 орындық 2 асхана бар. Бұл асханалардан жұмысшылар тәулігіне 4 мезгіл сапалы, құнарлы тамақ ішіп, сүт өнімдерін, кәсіпорынның өз наубайханасында пісірілген бөлке нандарын тегін алады. Сонымен бірге мұнайшыларға қосымша басқа да қажеттіліктерін (әртүрлі тағамдар, шырынды сулар, конфет-печеньелер, т.б.) алуға болатын буфет те қызмет етеді.

Мұнайшыларға Медициналық-санитарлық бөлімнің қызметі үнемі көрсетіліп келеді. Вахталық кенттегі жатақханалар қалашығында арнайы осы бағытқа арналған емхана іспетті дәрігерлік амбулатория бар. Онда жоғары білікті, өз істерінің білгірі, тәжірибелі маман дәрігерлер жұмыс істейді. Дәрігерлік амбулатория заманауи талаптарға сай, ең соңғы үлгідегі озық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бұған қоса мұнайшылар жұмыстан бос, демалыс уақыттарында мекеме құрамындағы мұнайшылар емханасына қаралып, денсаулықтарын түзеуге, толықтай ем курстарын алуға, минералды бұлау емдерін қабылдауға барлық мүмкіншіліктер қарастырылған. Қаламқас мұнайшыларының балалары да кәсіпорында қабылданған Ұжымдық шартқа сәйкес «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның басқа да қызметкерлері сияқты барлық жеңілдіктерге ие.

Қаламқас кен орны аймақ экономикасын қарқынды дамытып, кеніш маңайындағы Тұщықұдық, Шебір, Қиякты тәрізді өлкенің ауылдық жерлерін өркендетуге, халықтың мәдениетін, тұрмысын көтеруге де айтарлықтай ықпал етіп келеді. Осы аймақтағы ондаған ауылдар Қаламқас кен орнына тартылған жоғары кернеулі электр желілерін пайдаланып отыр. Кен орнына апаратын 280 шақырымдық автожол арқылы түбектің бірқатар елді мекендерінің бір-біріне көлікпен қатынау мәселесі шешілді. Сол аймақтағы ауыл-селолардың тұрмыстық түйткілдерін шешуде және мәдени-рухани өмірінде болып жататын оң өзгерістеріне «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасының тигізіп отырған әсері – өз алдына бір төбе.

Бүгінде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы өндіретін жалпы мұнайдың 73,6 пайызы тиесілі «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасы өзі құрылғалы бергі 35 жылға жуық уақыт ішінде күні бүгінге дейін 136 миллион тонна мұнай өндіріп, ел байлығын еселеп келеді. Қаламқас кен орны – қазіргі таңда тек Маңғыстау өлкесінің ғана емес, Қазақстанның маңдайға ұстар, мақтан тұтар өндіріс орындарының бірі.

## АҚТАУ – ҚАЛАМҚАС АВТО ЖОЛЫ ЖӨНГЕ КЕЛДІ

Ақтаудан 280 шақырым қашықтықта жатқан Қаламқас кен орнына апаратын автожолдың ауыр жағдайы ұзақ жылдардан бері көкейкесті проблемалардың бірі болып келген еді. 1981 жылы салынған, облыстық маңызға ие, 3-санаттағы Ақтау-Қаламқас жолы облыс орталығын тек Қаламқас кен орнымен жалғап қана қоймайтын. Сонымен бірге бұл автожол Маңғыстау, Түпқараған аудандарындағы, Бозашы түбегіндегі ауылдардың да бірден-бір қатынас жолы болатын. Жер қойнауын игерушілердің 10 тоннадан асатын салмағы бар ауыр өндірістік көліктерінің күні-түні үздіксіз жүруінен жол сапасы айтарлықтай нашарлады. Соңғы жылдары бірде-бір рет не орташа, не күрделі жөндеу жүргізілмеген жол табаны қазынды шұңқыр болып тесіліп, қатқыл қабаты сөгіліп, әбден бүлінді. Күн өткен сайын апатты жағдайлар көбейіп, бұл жолмен жүру қауіпті бола түсті. Қазақ – қытай бірлескен кәсіпорны болғаннан кейін, 2010 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның басқармасының қолға алуымен Бозашы түбегінде жұмыс жасайтын мұнай мекемелері жолды қалпына келтіру жұмыстарына кірісті. Оған «ММГ» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Арман» БК және «Бузачи Оперейтинг ЛТД» компаниясы сияқты Бозашыда жұмыс жасайтын барлық мұнай өндіру компаниялары қатысты. Жолды күрделі жөндеуден өткізуге жұмсалатын қаржы компаниялардың мұнай өндіру үлесіне пропорционалды түрде бөлінді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бозашы түбегінде өндірілетін мұнайдың 50 пайызына ие болғандықтан, оның жол салудағы үлес салмағы да 50 пайыз болды. Сөйтіп, соңғы үш жылда Ақтау-Қаламқас автожолын жөндеу жұмыстарына компания тарапынан 1 миллиард 352 миллион теңге (оның ішінде тек 2011 жылдың өзінде 500 миллион теңге) қаражат жұмсалып, Маңғыстау өлкесі үшін стратегиялық маңызы бар үлкен жол қалпына келтірілді. Акционерлік қоғам


Қаламқастық спортшылар

2014 жылға да жолды жөндеу үшін 112 миллион теңге қаржы бөліп отыр. Сонымен қатар «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына қарасты ұзындығы 9,1 километр Ақтау мен Маңғыстау селосын қосып жатқан автожол да коммунальдық меншікке өтті. Алдағы уақытта да Ақтау-Қаламқас автожолының сапасын жақсартып, осы қалпында ұстап тұру үшін ағымдағы жөндеу жұмыстары жалғасын таба бермек.

Қаламқас кенорнының өткені мен бүгіні осындай.



**Айтуар ӨТЕГЕНОВ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**

# И СНОВА ЛАГЕРЬ ПОЗОВЁТ!

## ГДЕ И КАК МОЖНО ПРОВЕСТИ ЛЕТНИЕ КАНИКУЛЫ



### Детский Оздоровительный центр «Медвежонок», Российская Федерация.

Расположен в одном из лучших уголков России, на берегу Черного моря в Краснодарском крае в 10км. От города-курорта Геленджик и в 17 км. от города-героя Новороссийск в п. Кабардинка.

На территории расположено девять современных спальных корпусов; оборудованные спортивные площадки, футбольное поле (мини-футбол), баскетбольная и волейбольная площадки, открытый бассейн с подогревом, открытая эстрада «Театральная», радиоцентр, библиотека, культурно-досуговый центр, лечебный корпус, современная столовая, магазин сувениров, детское кафе, оборудованный галечный пляж. Все дети разделяются по отрядам по 25-30 человек. С каждой группой работают по 2-3 педагога. Дети проживают в комфортабельных номерах с удобствами по 7 человек. Питание детей в лагере пятиразовое. Медицинская служба ДОЦ «Медвежонок» имеет отдельный медицинский корпус со своим штатом сотрудников. Медицинская помощь оказывается круглосуточно. Лагерь имеет собственный оборудованный галечный пляж, теневые навесы, пластиковые шезлонги. А пляже дежурят спасатели, медицинские работники.

**Сроки заездов и отъездов - с 09.06. по 26.06.**
**Количество дней - 18**
**Возраст детей – с 9 до 13 лет**

**Детский санаторно-оздоровительный комплекс «Криница»** расположен в одном из самых тихих и чистых районов Черноморского побережья, в районе г. Геленджик. Рядом — неповторимая горная долина реки Пшада, известная своими природными достопримечательностями и удивительной красотой. В Кринице можно встретить весь



многообразный набор природных ресурсов — речные долины, роскошные лесные покровы, уникальные горные ландшафты и прекрасный вид на морские глубины. На территории комплекса имеется оздоровительный бассейн размером 25*15 с подогреваемой водой и развлекательными аттракционами (горками), подводным массажем, игровые комнаты для маленьких детей, настольный теннис, детский городок, киноконцертный зал на 500 человек с современной аппаратурой, диско зал, оснащенный итальянской светотехникой, кинотеатр со стереозвуком, видеотека для малышей, комната психологической разгрузки, футбольное поле, волейбол, баскетбол, теннисный корт. Территория ограждена забором, по периметру находятся камеры видеонаблюдения.

Дети размещаются в новых 1-этажных капитальных коттеджах. 4-х местные комнаты с индивидуальным дизайном для проживания. Столовая состоит из двух красивых залов на 350 и 150 посадочных мест. Каждый зал оборудован кондиционерами. Питание пятиразовое, овощи и фрукты по сезону ежедневно, свежая выпечка - ежедневно. Имеется собственный галечный пляж. Ежедневно для детей организуются различные мероприятия и праздники. Детям предлагается интересная развлекательная программа, дискотеки, просмотры фильмов. Работают различные кружки и спортивные секции.

**Сроки заездов и отъездов - с 26.06. по 14.07.**
**Количество дней - 19**
**Возраст детей – с 9 до 13 лет**

**Курорт «Саирме»** находится в 50 км от города Кутаиси, в Западной Грузии, в ущелье реки Цабларисцхали. Высота над уровнем моря 950 м. Полезные свойства минеральных вод «Саирме» известны с 1893 года. Согласно легенде, бьющий из под земли источник обнаружили братья-охотники, когда преследовали раненого оленя. Животное вывело их к поляне, где олени по очереди утоляли жажду и слизывали соль с камней. Именно из-за обилия оленей это место назвали Саирме, что в переводе с грузинского значит «место оленей». Лечебные минеральные и термальные воды, хвойные и лиственничные леса, горный климат – придают уникальность бальнеологическому курорту.



Курорт окружают леса - в основном, лиственные породы деревьев (дуб, бук и т.д.), однако встречаются и хвойные. Как курорт Саирме начал функционировать в 30-х годах прошлого века. Гостиничный комплекс курорта отвечает требованиям трехзвездочного отеля, с двухместными и трехместными номерами. Питание трехразовое, шведский стол, меню соответствует требованиям Министерства курортологии и здравоохранения Грузии. В оздоровительном лагере курорт Саирме предлагает 10-дневный отдых. В проект входит прием минеральной воды по индивидуальному назначению врача, трехразовое посещение бассейна, познавательные походы в заповедник «Сатаплиа» (следы динозавров, парк Юрского периода) и просмотр пещеры «Прометея», парк развлечений «Цицинателла» в огромном грузинском луна-парке аналоге американского Диснейленда, пикник и прогулка на побережье Черного моря города Кабулети. Ежедневно утренняя аэробика на свежем воздухе, кружок грузинских национальных танцев, вечером развлекательные мероприятия просмотр фильмов, дискотека, караоке и др. Также имеются 3 вида оборудованных детских площадок, зал с игровыми приставками, настольный теннис, бильярд, тир, роликовая трасса и другие развлечения.

**Сроки заездов и отъездов - с 15.07 по 25.07**
**Количество дней - 10**
**Возраст детей – с 9 до 13 лет**

**Детский оздоровительный центр «Мерей»** расположен в живописном уголке природы, в густом сосновом массиве, всего в 30 километрах от города Костанай. Дети, отдыхающие в лагере, размещаются в теплых, кирпичных 3-х и 2-х этажных корпусах без балконов. Расселение детей производится строго по возрастному и половому признаку в 4-х и 8-ми местных комнатах. Квалифицированные повара лагеря предоставят 6-разовое, сбалансированное, рациональное питание (с ежедневной сменой меню.) В меню ежедневно входят: мясные, рыбные, молочные блюда, крупы, сладости, выпечка собственного производства, свежие соки, кисломолочные продукты. Комфортабельный, оборудованный лечебный




корпус укомплектован квалифицированными медицинскими специалистами: врач-педиатр и медсестры со стажем работы в детских медицинских учреждениях. По назначению врача проводятся профилактические и лечебные процедуры, направленные на профилактику простудных заболеваний, укрепление иммунитета. Светолечение (уменьшает воспалительные процессы в организме, повышает сопротивляемость организма к простудным и инфекционным заболеваниям). УФО (стимулирует образование в коже витамина D, оказывает бактерицидное действие, повышает сопротивляемость организма). Ингаляции (травяные, масляные, минеральные, используются для профилактики простудных заболеваний, заболеваний дыхательной системы, заболеваниях носовых пазух и среднего уха; острых респираторных инфекциях). массаж (благотворно воздействует на физиологическое и эмоциональное состояние ребенка, обладает психотерапевтическим эффектом, способствует расслаблению и отдыху). Циркулярный душ (оказывает общеукрепляющее влияние на организм, способствует тонусу иммунной системы, повышению эмоционального состояния и обмена веществ, регуляции сна, устранению нервных стрессов и раздражительности). Организацию образовательных, спортивно-развлекательных и культурно-познавательных мероприятий осуществляют талантливые и энергичные вожатые с высшим и средне-специальным образованием с соответствующим опытом работы из педагогического отряда «Ровесник». Контроль за проведением организационных мероприятий, досугом, физической и психологической безопасностью каждого ребенка, осуществляется методистами, а так же опытными спортивными руководителями и инструкторами по плаванию. Досуг ребят планируется с учетом их пожеланий и современных направлений индустрии развлечений.

**Сроки заездов и отъездов -**
**I поток - с 21.06. по 05.07.**
**II поток - с 15.07. по 29.07.**
**Количество дней - 15**
**Возраст детей – с 9 до 13 лет**

**Детский оздоровительный центр «Жұлдыз»** расположен в живописном уголке природы. В предгорьях Заилийского Алатау в 30 км от г.Алматы. Экологически чистая атмосфера, мягкий климат в предгорьях, европейский комфорт – вот, что отличает совершенно новый детский центр от всех прочих. Безопасность детей – одна из главных задач центра, поэтому по всему периметру расположены круглосуточные камеры видеонаблюдения, а также военизированная охрана, имеется собственная служба



внутренней безопасности. Дети, отдыхающие в лагере, размещаются в новом капитально построенном здании, по 4 человека в комнатах со всеми условиями, в каждой комнате есть свой туалет, душ и умывальник. В корпусах на каждом этаже имеется просторный холл, где установлен телевизор для коллективного просмотра, музыкальная аппаратура. Питанию уделено особое внимание - это продуманный, сбалансированный 6-ти разовый прием пищи. На территории лагеря имеется лечебный корпус, где квалифицированные медицинские специалисты проводят профилактические и лечебные процедуры, направленные на профилактику простудных заболеваний и укрепление иммунитета: ингаляции, массаж, ЛФК, кислородные коктейли. На территории лагеря есть свое большое футбольное поле, волейбольные площадки, асфальтированные дорожки для катания на роликах, а также настольный теннис, компьютерный кабинет или изучение английского языка. Для активных ребят имеются спортивные секции: футбол, волейбол, пионербол, легкая атлетика, многоборье, полоса препятствий.

**Сроки заездов и отъездов**
**I поток - с 18.06. по 29.06**
**II поток - с 27.07. по 07.08.**
**Количество дней - 12**
**Возраст детей – с 9 до 13 лет**

### АЛАУ (Мангистауская область)

Детский оздоровительный центр «Алау» расположен на берегу Каспийского моря. В свое время – это был единственный летний лагерь, в котором могли насладиться отдыхом дети работников АО «Мангистаумунайгаз». «Алау» функционирует с 1989 года.

Ребят ожидают в лагере пятиразовое питание (на десерт подаются фрукты и овощи), а также насыщенная спортивная и культурно-развлекательная программа. На территории



лагеря находятся спортивные площадки, библиотека, медпункт. Однако настоящим украшением оздоровительного центра, стал построенный два года назад бассейн, который сразу же стал излюбленным местом купания детей.

В течение всего периода отдыха дети находятся под бдительным присмотром вожатых из Мангистауского гуманитарного колледжа, с которыми «Алау» сотрудничает уже семь лет.

Каждый день рябят ожидают увлекательные спортивные соревнования (турниры по мини-футболу, баскетболу, волейболу), просмотр кино и видео фильмов, культурно-массовая программа, дискотека.

**Сроки заездов и отъездов -**
**I поток - с 18.06. по 02.07.**
**II поток - с 04.07 по 18.07.**
**III поток - с 20.07 по 03.08.**
**IV поток - с 06.08 по 20.08.**
**Количество дней - 15**
**Возраст детей – с 7 до 13 лет**

## «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері балаларының 2014 жылғы жазғы маусымдағы демалысын ұйымдастыру туралы

БСО-ға жолдамаларды алу үшін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері келесі құжаттарды тапсырулары керек:

1. Бас директордың әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары И.М. Кулдасбаевтың атына жазылған арыз.
2. Қызметкердің төлқұжатының көшірмесі.
3. Баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі немесе шетелдік төлқұжатының көшірмесі

БСО-ға демалысқа жіберу кезінде толтырылған медициналық картаны тапсыру керек.

Жиналған құжаттар әлеуметтік мәселелер және жұртшылықпен байланыс бөлімінің әлеуметтік топ мамандарынан кеңес алынған соң, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ орталық офисінің кеңсесі, 108 кабинетке тапсырылуы тиіс.

Вахталық ауысым әдісімен жұмыс жасайтын қызметкерлер құжаттарды кенорындардағы әлеуметтік топ қызметкерлеріне тапсыра алады.

«Медвежонок» БСО, «Криница» БССК және «Саирме» курортына балалар тек шетелге шығу төлқұжаты тапсырылуы негізінде ғана жөнелтіледі. Қызметкерлердің арыздары ағымдағы жылдың сәуірінен 10 маусымға дейін қабылданады.

**Барлық сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: 211-380, 211-382 (немесе Қаламқас, Жетібай кенорындарындағы әлеуметтік топтарға)**

*Ескертпе: мерзімдер алдын-ала көрсетілген, өзгерістер болуы мүмкін.*

## Об организации летнего отдыха детей работников АО «Мангистаумунайгаз» в летний сезон 2014 года

Работникам АО «Мангистаумунайгаз» для получения путевок в ДОЦы необходимо сдать следующие документы:

1) Заявление на имя заместителя генерального директора по социальным и административным вопросам Кулдасбаева И.М.
2) Копия удостоверения личности работника.
3) Копия свидетельства о рождении ребенка или копия заграничного паспорта ребенка.

При отправке на отдых в ДОЦы предоставить заполненную медицинскую карту.

Собранный пакет документов, согласовав со специалистами социальных групп отдела социальных вопросов и связям с общественностью, необходимо сдать в канцелярию, в 108 кабинет центрального офиса АО «Мангистаумунайгаз».

Сотрудники, работающие вахтовым методом, могут документы сдавать работникам социальных групп непосредственно на месторождениях.

Отправка детей в ДОЦ «Медвежонок», ДСОК «Криница» и курорт «Саирме» будет осуществляться только на основании предоставления заграничных паспортов на детей. Прием заявлений от работников производится с апреля по 10 июня текущего года.

**По всем вопросам обращаться по телефону – 211 380, 211 382 (или в социальные отделы на месторождениях Каламкас и Жетыбай)**

*Примечание: сроки предварительные, возможны изменения*

## «СЕНІМ - 2014» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ «ӘЛЕУМЕТТІК-ӘРІПТЕСТІКТІҢ ЕҢ ҮЗДІК ЖОБАСЫ» НОМИНАЦИЯСЫНДА БІРІНШІ ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ




2014 жылдың 3-4 сәуір күндері «Самұрық-Қазына» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компанияларының қамқорлығымен Астана қаласында өткен IX адам ресурстарын басқару бойынша халықаралық конференция барысында «Сенім - 2014» Республикалық байқау нәтижелері жарияланды. HR – менеджерлер Қауымдастығы» Қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен шараға 100-ге жуық компания қатысып, «Ең озат ұлттық жұмыс беруші компания», «Ең озат ұлтаралық жұмыс беруші компания», «Ең озат өндірістік жұмыс беруші компания», «Ең озат халыққа қызмет көрсету саласындағы жұмыс беруші компания», «Ең озат өндірістік жұмыс беруші компания», «Ең озат халыққа қызмет көрсету саласындағы жұмыс беруші компания», «Үздік HR-жоба», «Әлеуметтік-әріптестіктің ең үздік жобасы» номинациялары бойынша сынға түскен.

Өткен жылдың қараша айында басталған байқау мақсаты адам қорының маңыздылығын түсінетін және өз қызметкерлеріне ең жақсы жағдайлар жасайтын компанияның еңбегін қоғамдық тану, жалпы сеніміне ие болған компанияларды анықтап, марапаттау болып табылады. Қортындысында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Әлеуметтік-әріптестіктің ең үздік жобасы» номинациясында жеңімпаздар қатарына кіріп, 1-орынды иеленді. Бұл жеңіс - Компаниямыздың корпоративті әлеуметтік жауапкершілік қағидаларын ұстанатынын тағы бір дәлелдеді.



## ТРУД ДОЛЖЕН БЫТЬ БЕЗОПАСНЫМ!




В Актау прошло XV ежегодное совещание по вопросам охраны труда и окружающей среды, приуроченное к Международному дню охраны труда, который отмечается 28 апреля. Совещание было организовано АО «НК «КазМунайГаз», участие в нем приняли специалисты различных нефтяных компаний, работающих в Казахстане.

Участников и гостей совещания приветствовал Первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» Бакыт Иманбаев:

- Мероприятия, приуроченные к Всемирному дню охраны труда, не должны ограничиваться только одним днем в году. Культура производства и культура охраны труда неразрывно связаны. Труд – основа любой деятельности человека. Давайте сделаем его достойным и безопасным!

- В повестке совещания целый ряд актуальных вопросов, посвящённых также защите окружающей среды, - подчеркнул Бакыт Алтаевич. - Среди них борьба с изменением климата, более рациональное и эффективное использование природных ресурсов, обеспечение «зелёного роста», устойчивое управление водными ресурсами, предотвращение техногенных катастроф и борьба с их последствиями и многое другое.



В течение двух дней участники совещания обменивались актуальными мнениями по вопросам охраны труда и окружающей среды, по итогам встречи было принято специальное протокольное решение.

## ПОЗДРАВЛЯЕМ!



28 апреля – Во всемирный день охраны труда, наш коллега – начальник Службы безопасности и охраны труда ДТБОТиООС АО «Мангистаумунайгаз» Аккожа Тастемиров за неоценимый вклад в области безопасности охраны труда, за обеспечение безопасных условий труда работников Общества был награжден Почетной грамотой Департамента труда по Мангистауской области. Аккожа Тастемиров работает в системе АО «Мангистаумунайгаз» более 18 лет, за это время он проявил себя как ответственный и трудолюбивый работник. Особо стоит отметить, что Почетная грамота Департамента труда была впервые вручена работнику АО «Мангистаумунайгаз».

От всей души поздравляем коллегу, желаем дальнейших успехов в работе и семейного благополучия!!!

***Коллектив ДТБОТиООС***

## ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ 2014



| Группа A | Группа B | Группа C | Группа D | Группа E | Группа F | Группа G | Группа H |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бразилия | Испания | Колумбия | Уругвай | Швейцария | Аргентина | Германия | Бельгия |
| Хорватия | Нидерланды | Греция | Коста-Рика | Эквадор | Босния и Герцеговина | Португалия | Алжир |
| Мексика | Чили | Кот-д'Ивуар | Англия | Франция | Иран | Гана | Россия |
| Камерун | Австралия | Япония | Италия | Гондурас | Нигерия | США | Южная Корея |

FIFA WORLD CUP Brasil 2014

**Уважаемые читатели, накануне старта Чемпионата Мира по футболу газета «Мұнайлы Өлке» объявляет о проведении розыгрыша «ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ». Условия конкурса просты – нужно угадать всех призеров Чемпионата Мира - 2014 (команды, занявшие первое, второе и третье места). Победителей конкурса ждут призы! КОЛИЧЕСТВО КУПОНОВ, ПОДАВАЕМЫХ ОДНИМ ЛИЦОМ, НЕ ОГРАНИЧЕНО!**

| | |
|---|---|
| 1 МЕСТО | |
| 2 МЕСТО | |
| 3 МЕСТО | |

Ф.И.О. ______________________

______________________

Должность: ______________________

______________________

Телефон: ______________________






**ПОСЛЕДНИЙ СРОК ПОДАЧИ КУПОНОВ ПО 12 ИЮНЯ (ВКЛЮЧИТЕЛЬНО).**

*Вырежите купон и принесите (пришлите) в редакцию «Мұнайлы Өлке» по адресу: зд. КазНИПИ, 126 или 330 кабинет. Телефоны для справок: 211-736, 212-194, 211-938.*

# Құттықтаймыз!

## 60 жас

**Есмаганбетов Шадияр Сеилханович, 1 мамыр, ПҚЖПЦ, 6 дәрежелі жонғыш және ою-фрезерлік станогын жөндеуші.**
**Шынболат Орысбай Морленулы, 2 мамыр, САжМТЖД, электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі 5 дәрежелі электржөндеуші.**
**Каирхожаев Бакхожа Оразович, 5 мамыр, МжМӨД, 4 дәрежелі слесарь-жөндеуші.**
**Амиров Владимир, 7 мамыр, ҚҚ, қарауыл.**
**Исембаев Ибраим Жумагалиевич, 7 мамыр, ТҚ, ЕжҚОҚД, азаматтық қорғаныс жөніндегі маман.**
**Аманбаев Керим, 18 мамыр, ӘМжӘДД, сауда және тоңазытқыш жабдықтары жөніндегі 4 дәрежелі электрмеханик.**
**Джумажанов Жакип Муратбаевич, 12 мамыр, ҚҚҰЦ, қабаттарға жұмысшы агенттер айдау жөніндегі сораптар стансасының машинисі.**
**Кошжанов Ислам Рзабекович, 20 мамыр, САжМТЖД, қоймашы.**

## 55 жас

**Байжаунова Ханшайм Мангистауовна, 3 мамыр, ҒЗжӨЖЦ, химиялық талдау лаборанты.**
**Умирбаева Екатерина, 5 мамыр, ӘМжӘДД, санитарка.**
**Әмирова Алмагул Бідәнқызы, 17 мамыр, МжГӨЦ-2, мұнай және газ өндіру операторы.**

## 50 жас

**Мусаев Онайбай Балыкбаевич, 1 мамыр, ТСДЦ, қабаттарға жұмысшы агенттер айдау жөніндегі сораптар стансасының машинисі.**
**Раева Тамара Елеусинова, 9 мамыр, ТҮПЦ, қазандық операторы.**
**Калиев Миржан Зайниевич, 10 мамыр, ӨД, жетекші инженер-энергетик**
**Урынбаева Багитжамал, 20 мамыр, МДжАЦ, өндірістік және қызметтік жайларды жинастырушы.**
**Ташев Хожамурат Шаймарданович, 25 мамыр, САжМТЖД, 6 дәрежелі тепловоз машинисі.**
**Изов Базарбай Саятович, 26 мамыр, ТҮПЦ, 4 дәрежелі электргаздәнекерлеуші.**
**Умбетов Онгарбай Султанович, 29 мамыр, ҚҚ, 4 дәрежелі көлік жүргізушісі.**

# Тұрмыстық газ және қауіпсіздік

Күнделікті карапайым тұрмыста газдан улану, жарақат алу, тіпті адам өліміне соқтырған көптеген жағдайлар газды ережеге сай қолданбаудан, қарапайым кауіпсіздік ережелерін сақтамаудан туып отыр. Көбіне газ құралдары ауылдық жерлерде істен шығып жатады, бірақ қала тұрғындары да мұқият болғаны жөн. Газ құралдарын орнату кезінде қаржы жағын үнем көріп үй иелерінің өздері орната салуына тиым салынады, газ қызметінің маманы орнату жұмыстарын жүргізгені жөн. Көп жағдайларда газдың шығып тұруы газ құралының ережеге сай орнатылмағанынан болады. Аталған ақау бірден біліне қоймайды. Күндізгі уақытта үй иелері газдың иісін сезбеуі мүмкін, ал түн мезгілінде баллоннан немесе құбырдан шығып тұрған газ үйдің ішіне толып, сіріңке немесе ашық от көзін пайдаланғанда жарылыс болуы мүмкін. Көп жағдайларда өрттің шығыуына әкеліп соқтыратын жеке жер үйлерде және саяжайларда пайдаланылатын газ баллонының жарылуы. Аталған жағдай пештің немесе жылыту құралдарының жанына қойылған газ баллонының қызып кетуінен болады. Сонымен қатар газ толтырылған баллондарды жертөлелер мен гараждарда сақтауға болмайды. Газ құбырларына, плиталарына немесе шүмектеріне жіп керіп, жуылған киімдерді немесе тез жанатын нәрселерді ілуге тиым салынады. Өз бетінше газ плитасының немесе құбырының кемшілігін жөндеуге болмайды. Конфоркаларды алып тастап, жанып тұрған оттың үстіне ыдыс-аяқ қоюға болмайды. Сонымен қатар газ құралының шүмектерін, есептегішін катты затпен ұруға болмайды.

### Газ шығып тұрған жағдайда не істеу керек?

Бөлмеде газ иісі шығып тұрса, газдың газ құралына келуін тоқтату керек. Темекі тартуға, сіріңке жағуға, жарықты қосуға немесе басқа да электр құралдарын қосуға тиым салынады. Электр қалқанынан электр берілісін өшіріп тіпті тастаған жөн болар еді. Газ жиналған бөлмеде өрт шығуы үшін от көзінің бір ұшқыны жеткілікті. Барлық есік, терезелерді ашып, жалғыз ғаздалган бөлменің ауасын тазартып қана қоймай, бүкіл үйдің ауасын тазарту қажет. Бұдан кейін, бөлмеден газ иісі толықтай кеткенше, кіруге болмайды. Ал, егер газдың иісі көпке дейін кетпесе, газ қызметі қызметкерлерін 104 телефоны бойынша шақыртыңыз.

**Тиым салынады:**

- Өз бетінше үйге газ құралын орнатуға, орнын ауыстыруға, жөндеу жүрізуге.
- Газ құралы орнатылған бөлмені сәйкес органдардың келісімісіз қайта жоспарлауға.
- Газ құралдарының құрылымына өзгерістер енгізуге. Түтін шығару немесе желдету жүйесінің құрылысын өзгертуге, желдету каналдарын бітеуге.
- Газ құралы жарамсыз жағдайда одан әрі қолдануға.
- Газ құралының бүлінуіне жол беруге.
- Жанып тұрған газ құралдарын қараусыз қалдыруға.
- Газ құралдарын пайдалануға мектепке дейінгі балаларды және өз іс-әрекетін бақ;ыламайтын, газ құралын пайдалану ережелерін білмейтін адамдарды жіберуге.
- Газды және газ құралдарын бағытынан тыс қолдануға. Газ плиталарын үй жылытуға қолдануға.
- Газ құралы орнатылған бөлмеде ұйьқтауға немесе демалуға.
- Газдьң шығуын тексеру үшін ашьқ от көзін пайдалануға (сабынды ерітінді немесе арнайы құралдар пайдаланылады).
- Жертөлелер мен бөлмелерде газ толтырылған немесе бос баллондарды сақтауға.
- Бос газ баллондарына өз бетінше газ толтырып, колдануға.
- Газ орнатылған бөлмеде сыйымдылығы 50 (55) л бір баллоннан артық немесе 27 л. Екі баллоннан артық сақтауға.
- Газ баллондарын пештен 2 м. жақ;ын жерде орналастыруға.
- Түтін және желдету каналдарын тазалау туралы акттің әрекет ету мерзімі шыққаннан кейін газ құралын пайдалануға.

**Догалов Н. А.,**
**Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаментінің ТЖ және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау басқармасының бас маманы**

# Абайдың қара сөздері



### ОНЫНШЫ СӨЗ

Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма?

Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің? Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қимайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді? Баланың жақсысы - қызық, жаманы - күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың?

Артымнан балам құран оқысын десең, тірлікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Егер жаманшылықты көп қылған болсаң, балаңның оқыған құраны сені неге жеткізеді? Тірлікте өзіңе-өзің қылмаған істі, өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере ала ма? Ахирет үшін бала тілегенің - балам жасында өлсін дегенің. Егерде ержетсін десең, өзі ержетіп, ата-анасын тұзақтан құтқарарлық бала қазақтан туа ма екен? Ондай баланы сендей әке, сенің еліңдей ел асырап өсірмек пе екен?

Қартайғанда асырасын десең, о да - бір бос сөз. Әуелі - өзің қаруың қайтарлық картаюға жетемісің, жоқ па? Екінші - балаң мейірімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші - малың болса, кім асырамайды? Малың жоқ болса, қай асырау толымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары - ол да екі талай. Хош, құдай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе? Білмейсің. Әуелі өз күнәңді өзің көтергеніңмен тұрмай, балаңның күнәсіне тағы да ортақ боласың. Әуелі балаңды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, міне, мұны берем» деп. Басында балаңды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің? «Бокта!» деп, біреуді боқтатып, «кәпір - қияңқы, осыған тимеңдерші!» деп, оны мазаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың ең арзанын іздеп, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, «пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді» деп, тірі жанға сендірмей жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?

Және мал тілейсіңдер, неге керек қылайын деп тілейсіңдер? Әуелі, құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың? Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергеніңді кім біледі?.. Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? Оның саған керегі жоқ. Сенікі - біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің - сол.

Бұл - құдайдан тілеген емес. Бұл - абыройын, арын сатып, адам жаулағандық, тіленшілік. Хош, сүйтіп жүріп-ақ мал таптың, байыдың. Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды. Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айрылады. Бейнет, күйігі, ызасы - сол үшеуінен басқа ешнәрсе бойында қалмайды. Барында баймын деп мақтанады. Жоғында «маған да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады. Кедей болған соң, тағы қайыршылыққа түседі.

### ОН БІРІНШІ СӨЗ

Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі - ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылтып алып, тағы да баймын деп жүр. Ұлықтар алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр. Қарапайым жұрт ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші - бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса, мен соған керек боламын деп, к...н қыздырып алып, өзін бір ғана азық қылайын деп жүр.

Ұлықтар пәлі-пәлі, бұл табылған ақыл деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жүр. Қара халық менің сонша үйім бар, сонша ауыл-аймағыммен сойылыңды соғайын, дауыңды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр. Осы бір ұры, бұзақы жоғалса, жұртқа ой да түсер еді, шаруа да қылар еді. Бай барын бағып, кедей жоғын іздеп, ел секілденіп талапқа, тілеуге кірісер еді. Енді жұрттың бәрі осы екі бүлік іске ортақ, мұны кім түзейді? Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені ме? Ұрыны тыю да оңай болар еді, бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын, азатұғын байларды кім тыяды?

1892

*(жалғасы бар)*



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Р.Ізберген
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-194, 211-938.
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 1500

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750 Тапсырыс: 489